

**Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров атындағы
№5 мамандандырылған физика-математикалық мектеп-интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесі**

«Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шара туралы мәлімет

13.11.2024ж.

Ағымдағы жылдың 13 қараша күні жылдық жұмыс жоспарына сәйкес «Дұрыс тамақтану – денсаулық кепілі» атты іс-шарасы өткізілді. Іс-шараны өткізудің басты мақсаты – оқушылардың дұрыс тамақтану мәдениетін қалыптастыру, пайдалы тамақтану туралы мәлімет беріп, асхана әдебі туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізу. Іс-шараға 7-11 сынып оқушылары толығымен қатысты. Іс-шара барысында мектептің әлеуметтік педагогы Ж.Лесбаева «Асхана әдебі» тақырыбында түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектеп-интернат дәрігері А.Сапарова Дұрыс тамақтану, зиянсыз тағамдар секілді тақырыптарда баяндама оқып, үнемі дұрыс тамақтанудың денсаулыққа пайдасы туралы мәлімет берді.

Сонымен қатар, оқушыларға тамаққа бару кестесі, асханада өзін ұстау мәдениеті, ыстық тамаққа кешікпеу, тамақ сапасы туралы шағымдарды қабылдау бойынша ұсыныстар айтылды.

Іс-шара барлық санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтай отыра, мектеп акт залында өткізілді.



Ж.Ахмедов Ж.Ахмедов

Ж.Лесбаева Ж.Лесбаева
А.Сапарова А.Сапарова